

**Еуразия гуманитарлық институтының колледжі  
колледж Евразийского гуманитарного института**



**0111000 «Негізгі орта білім» мамандығының  
0111013 «Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі» біліктілігі  
мамандығы студенттерінің  
кәсіби тәжірибені өтуіне арналған  
ӘДІСТЕМЕЛІК НҮСҚАУЛЫҚ**

**Астана 2019**

**Бекітемін**  
**Директордың ОӨЖ орынбасары**  
\_\_\_\_\_ **Баймуханбетова Г.Х.**  
**« 29 » тамыз 2019 ж**

0111000 «Негізгі орта білім » мамандығының 0111013 «Қазақ тілі және әдебиеті мұғалімі» біліктілігі бойынша білім алатын студенттерге арналған кәсіби тәжірибе бойынша **әдістемелік нұсқаулық**

**Құрастырған: Нусупова А.Д.**

Тәжірибе бойынша әдістемелік нұсқаулық 0111000 «Негізгі орта білім » мамандығының 0111013 «Қазақ тілі және әдебиеті мұғалімі» біліктілігі бойынша өндірістік тәжірибені өту туралы Ережесінің негізінде құрастырылған және Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті техникалық және кәсіптік білім беру стандартына сәйкес (ҚР МЖМБС 4.05.155-2010) тәжірибенің үлгілік оқу бағдарламасы бойынша әзірленген.

**Әдістемелік нұсқаулық педагогика және психология отырысында талқыланды**  
**Хаттама №1 «25» тамыз 2019жыл.**  
**Комиссия төрайымы \_\_\_\_\_ А.Д.Нусупова**

**Әдістемелік нұсқаулық колледждің әдістемелік кеңесі отырысында қарастырылып, бекітілді**  
**Хаттама №1 « 29 » тамыз 2019 жыл.**

## МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ.....	4
1. НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР.....	5
2. ТӘЖІРИБЕ ТҮРЛЕРІ ЖӘНЕ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТІ.....	6
3. ТӘЖІРИБЕ УАҚЫТЫНДА АТҚАРЫЛАТЫН ЖҰМЫСТАР.....	7
4. ТӘЖІРИБЕ ЕСЕБІН РӘСІМДЕУ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫНА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР.....	8
5. ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....	10
ҚОСЫМШАЛАР.....	11

## **КІРІСПЕ**

0111000 «Негізгі орта білім» мамандығының 0111013 «Қазақ тілі және әдебиеті мұғалімі» біліктілігі бойынша білім алатын студенттері тәжірбие өту барысында ұйыммен және оның қызметкерлерімен танысып, қажетті ақпараттарды жинақтауды, сондай-ақ педагогикалық құжаттармен жұмыс істеу дағдысын қалыптастырады.

Іс-тәжірбиенің әдістемелік нұсқаулығы студенттер үшін тәжірбие базасын таңдауға, мамндығымен толық танысуға, педагогикалық барлық қажетті ақпараттарды жинауға көмектеседі.

Әдістемелік нұсқаулыққа іс-тәжірбиенің негізгі ережелері, мақсаты мен міндеттері, мазмұны және пәнаралық байланыс, есепті ресімдеу мен оның құрылымына қойылатын талаптар, сондай-ақ міндетті түрде қосымшалар кіреді.

0111000 «Негізгі орта білім» мамандығының 0111013 «Қазақ тілі және әдебиеті мұғалімі» біліктілігі бойынша білім алатын студенттері үшін өндірістік оқыту және кәсіптік тәжірбие нұсқаулығы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «23» 01.2012 ж. № 15 бұйрығымен бекітілген , тіркеу № 1581 үлгілік оқу бағдарламасы негізінде жасалды.

## 1. НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

Іс тәжірибенің өту мерзімі оқу жоспары мен оқу үрдісінің графигіне сай келеді.

Студенттер үшін тәжірибе жас мамандарды даярлауда маңызды рөл атқарып, олардың кәсіби дағдыларын қалыптастырады. Сонымен қатар тәжірибе оқу үрдісі құрамының бір бөлігі болып саналады және болашақ мамандарды еңбек жолына даярлауға өз септігін тигізіп, студенттердің оқу процесінде алған білімдерін тереңдетіп, нығайтады.

Студенттердің өндірістік тәжірибеден өтуін ұйымдастыруын колледждің тәртібі бойынша шығарылған бұйрықтың негізінде (тәжірибе басталатынынан бір апта бұрын) жетекші тағайындап, тәжірибенің мерзімі мен өтетін орны белгіленіп, рәсімделінеді.

Өндірістік тәжірибенің жетекшілерін гуманитарлық ПБК оқытушылары мен студент тәжірибе өтетін ұйымның қызметкерлерімен бірлесе отырып жүзеге асырылады.

Өндірістік тәжірибе басталар алдында гуманитарлық ПБК мен колледждің өндірістік тәжірибе жөніндегі орынбасарымен бірлесіп, студенттермен бірге жиналыс өткізіледі, тәжірибеге жолдама береді.

Жиналыста мынадай сұрақтар талқыланады:  
*өндірістік-әдістеме:*

- тәжірибенің мақсаты мен міндеттері;
- тәжірибенің жұмыс мазмұны
- күнделік және оның толтыру тәртібі;
- студент-практиканттың құқығы мен міндеттері;
- тәжірибе есебінің талаптары;
- техникалық қауіпсіздік;
- тәжірибе бойынша сынақтың өткізу тәртібі.

*Ұйымдастырылуы:*

- тәжірибені өткізу орны мен уақыты;
- қажетті құжаттарды алу тәртібі;

- Студенттердің тәжірибе есебінің құжаттарынын қарау.

Студенттерге тәжірибенің бағдарламасы мен күнделік беріледі.

*Тәжірибе барысындағы студенттің міндеттері:*

- тәжірибе бағдарламасында берілген тапсырмаларды толық орындау;
- әрекет етуші кәсіпорынның ішкі тәртібіне бағыну;
- еңбекті қорғау және техникалық қауіпсіздік ережелерімен танысып, бақылау;
- орындалатын жұмысқа жауапкершілікпен қарап, жасалған жұмысқа қорытынды шығару;
- белгіленген үлгіде күнделік толтырып, іс-тәжірибе жөнінде қорытынды есепке тиісті жазулар жазу.

Колледжде білім алатын студент тәжірибенің өту орнын, яғни кәсіпорын, мекеме және ұйымның ұйымдық-құқықтық формадағы міндеттеріне сәйкес көрсетілген, колледж бен кәсіпорын, мекеме мен ұйымның арасында келісімшартқа тұру негізінде жүзеге асырылады.

Келісімшарт екіжақты жасалынады, сондай-ақ келісім шартта, қаржылық міндеттемелерге колледж бен студент тәжірибе өтетін жердің директоры қол қояды. Келісім шартқа тәжірибе басталар алдына 1 ай бұрын қол қойылып, бекітіледі.

Тәжірибеге жолдаманы студент өндірістік тәжірибе базасының директорының атына жазады.

Студенттер тәжірибе өту барысында күнделік арнап, толтырып отыруы керек. Күнделік студенттің тәжірибе кезіндегі ең басты құралы болып табылады, сонымен қатар оған күнделікті қандай жұмыс атқарғандығын, қандай ақпараттарды жинағандығы туралы көрсетіп, жазып отыруы тиіс. Күнделікті кәсіпорында бекіткен жетекші күнделікті бақылап отыруы қажет.

Тәжірибенің қорытындысын тәжірибе есебінде жазып, белгілінген уақытта тапсырылады.

Өндірістік тәжірибенің барлық есебін студент қорғайды және тәжірибе жетекшісі тәжірибе бағасын бес балдық жүйе бойынша бағалайды.

Егер студенттер тәжірибе бойынша жұмыс бағдарламасын белгілі бір себепті жағдаймен орындамаса, онда екінші рет тәжірибеге жолдама алып, сабақтан тыс уақытта өтуге мүмкіншілігі бар. Ал, егер де студенттер тәжірибенің жұмыс бағдарламасын себепсіз орындамаса немесе қанағаттандырылғысыз баға алса, онда колледждегі өндірістік тәжірибенің Ережесіне және колледждегі студенттің ағымдағы бақылау үлгерімі мен аралық аттестацияның Ережесіне сәйкес академиялық қарыз ретінде колледжден шығарылады.

## **2. ТӘЖІРИБЕ ТҮРЛЕРІ ЖӘНЕ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ**

<b>Педагогикалық тәжірибенің түрлері</b>	<b>Оқу мерзімі: Негізгі орта білім</b>	
<b>1. Оқу тәжірибесі</b>		<b>324</b>
Педагогикалық қызметке кіріспе тәжірибесі	4	36
Сыныптан тыс тәжірибесіне дайындық	5	36
Фольклорлық тәжірибе	4	72
Байқау тәжірибесіне дайындық	5,6,7	108
Жазғы тәжірибеге дайындық	6	36
Диплом алдындағы тәжірибеге дайындық	8	36
<b>2. Өндірістік тәжірибе</b>		<b>1188</b>
Педагогикалық қызметке кіріспе тәжірибесі	4	72
Сыныптан тыс жұмыс тәжірибесін	5	144
Байқау және бақылау тәжірибесі	5,6,7	540
Білім алушының таңдауы бойынша тәжірибе	5,6,7	108

Жазғы тәжірибеге дайындық	6	108
Диплом алдындағы тәжірибе	8	216
<b>Барлығы</b>		<b>1512</b>

### **3. Оқу тәжірибесінің түрлері:**

**1. Педагогикалық қызметке кіріспе тәжірибесіне дайындық бағдарламасының мазмұны**

#### **1. Педагогикалық қызметке кіріспе тәжірибесі**

**1 тақырып . Педагогикалық мамандыққа кіріспе**  
Педагогикалық мамандық, мұғалім мамандығы туралы түсінік беру.

#### **2тақырып . Педагогикалық іс – әрекет**

Педагогикалық әс – әрекет түрлеріне тоқталу. Мұғалім әрекетімен таныстыру.

#### **3тақырып. Педагогикалық құзреттілік**

Педагогикалық кәсіби құзреттілік ұғымының мәнін ашып, мұғалім педагогикалық кәсіби құзіреттілігіне тәжірбиелік тұрғыдан тоқталу.

#### **4тақырып.Педагогикалық конфликт**

Педагогикалық конфликт ұғымының мәнін ашып, педагогикалық конфликт тәжірибелік тұрғыдан тоқталу.

#### **5тақырып .Педагогикалық қарам – қатынас**

Педагогикалық қарым – қатынас ұғымының мәнін ашып, мұғалім педагогикалық қарым – қатынасына тәжірибелік тұрғыдан тоқталу.

#### **6тақырып. Педагогикалық этика**

Педагогикалық этика ұғымының мәнін ашып, мұғалімнің педагогика этикасына тәрбиелік тұрғыдан тоқталу.

#### **7тақырып. Педагогикалық мәдинет**

Педагогикалық мәдинет ұғымының мәнін ашып, мұғалімнің педагогика мәдинетіне тәжірибелік тұрғыдан тоқталу.

#### **8тақырып. Педагогикалық шеберлік**



Педагогикалық шеберліктің мәнін ашып, мұғалімнің педагогикалық шеберлігіне тәжірибелік тұрғыдан тоқталу.

**9тақырып. Мұғалім мен білім алушы іс – әрекеті.**

**Ынтымақтастық**

Мұғалім мен білім алушы іс – әрекетіндегі ынтымақтастықты нығайту жолдарын тәжірибелік тұрғыдан беру.

**10тақырып. Жас ерекшелігіне қарай балалар мен жұмыс**

Жас ерекшелігіне қарай балалар мен жұмыс жасаудың маңыздылығын тәжірибелік тұрғыдан түсіндіру.

## **2.Фольклорлық тәжірибе бағдарламасының тақырыптық жоспары**

№ р/с	Фольклорлық тәжірибе	Күндізгі оқыту нысаны кезіндегі оқу уақытының көлемі		
		Бекітілген деңгей	Жоғары деңгей	Орта буын маманы
1	2	3	4	5
1	Фольклорлық тәжірибе туралы түсінік			*
2	Фольклорлық тәжірибені мақсаты, міндеттері			*
3	Фольклорлық мәліметтерді жинақтаудың жолдары			*
4	Фольклорлық бөлімді жинаудың ерекшеліктері,			*

	маңызы			
5	Диалект сөздерді лексика-фонетикалық , грамматикалық ерекшеліктерін түсіндіру			*
6	Ауыз әдебиеті үлгілері туралы түсінік, материалдарды жинақтау			*
7	Тұрмыс-салт жырлары туралы түсінік, тұрмыс-салтқа байланысты жырларды жинау			*
8	Ел аузындағы мақал-мәтелдерді жинау үлгілері			*
9	Аңыз-әңгімелерді жинау үлгілері			*
10	Туған өлкенің жер-су атаулары туралы мәліметтер жинау			*
11	Елдің есінде сақталған батырлар туралы мәліметтер жинау			*
12	Шешен-билер туралы мәліметтер жинау			*
13	Балалардың ойлауын дамытудағы жұмбақтардың тәрбиелік мәні			*

14	Бала тілін дамытуға жаңылтпақтардың маңызы			*
15	Ертегілер – халық даналығының айнасы			*
16	Сөз өнерінің майданы-айтыс			*
17	Лиро-эпостық жырларындағы халықтық сипат			*
18	Фольклорлық мұраларды жинаудың маңызы			*
	Барлығы			<b>72</b>

## **2.2.Фольклорлық тәжірибе бағдарламасының негізгі мазмұны**

### **1тақырып.Фольклорлықтәжірибиеніңмақсаты, міндеттері**

Фольклорлық тәжірибиенің мақсаты, міндеттерімен таныстыру. Ел арасынан халық ауыз әдебиеті үлгілерін жинау және зерттеу жұмыстарының жолдарын меңгеру арқылы фольклордың қоғамдық және танымдық мәнін ашып түсіндіру.

### **2 тақырып. фольклорлық бөлімнің жинаудың ерекшеліктері, маңызы**

Ел арасының халық ауыз әдебиеті үлгілерін жинау және зерттеу. Қазақ ауыз әдебиетінің тақырыптық және жанрлық жағынан көп түрлілігі, оны классификациясын ғылыми тұрғыдан зерттеу.

### **3тақырып .Ауыз әдебиті үлгілері туралы түсінік, материалдарды жинақтау.**

Халық ауыз әдебиеті – халықтың қайнар көзі, алтын қоры екндігі туралы түсінік беріледі.

#### **4 тақырып. Ел ауызындағы мақал – мәтелдерді жинау үлгілері**

Ел ауызындағы мақал – мәтелдерді жинау үлгілеріне тоқталу. Қоғамдық өмірде әр қилы құбылыстарда тапқырлықпен түйіндеп, тұжырымды жеткізетін нұсқалы сөз нақышын меңгерту. Материалдар жинақтау, жүйелеу, қорыту.

#### **5 тақырып. Туған өлкенің жер – су атаулары туралы мәлеметтер жинау**

Туған өлкенің жер – су атаулары туралы мәлеметтерді нақтылау. Материалды жинақтау, жүйелеу, қорыту.

#### **6 тақырып. Шешен – билер туралы мәлеметтер жинау**

Шешен – билер туралы мәлеметтерді нақтылау. Қазақ ауыз әдебиетіндегі ғибраттылық мәні, өнегелі ой – тұжырымы бар, айрықша тапқырлық танытатын, елдің жадын да өзгермей сақталып, айтылып жүретін нақылсөздерге сипаттама. Материалдар жинақтау, жүйелеу, қорыту.

#### **7 тақырып. Бала тілін дамытуға жаңылтпаштардың маңызы**

Жаңылтпаш – ауыз әдебиетінің балалардың тілін жаттықтыру мақсатындағы жанр. Жаңылтпаш үлгілерін жинау.

#### **8 тақырып. Сөз өнерінің майданы – айтыс**

Айтыс – өмірдегі әулемметтік тартыстармен адам қатынастарына негізделген желіге құрұлып, кезектесе айтылатын қисынды дәлелді ұтқыр өлеңе кендігі, оған жүйрік сурып салма ақындар қатысатындығы, халықаралық жалпы азаматтық мәселелер алға таратылатындығы, айтыстың уақыт өткен сайын жаңаша дамитындығы туралы түсінік беру.

#### **9 тақырып. Фольклорлық мұралардың жинаудың маңыздылығы**

Қазақ әдеби мұрасының орасан бай, саналуан тарихтық, қоғамдық, эстетикалық бағыттарының құндылығын халық игілігіне айналдыру.

### 3. Байқау тәжірибесіне дайындық бағдарламасының тақырыптық жоспары

№ р/с	Байқау тәжірибесіне дайындық	Күндізгі оқыту нысаны кезіндегі оқу уақытының көлемі		
		Бекітілген деңгей	Жоғары деңгей	Орта буын маманы
1	2	3	4	5
1	Қазақ тілі және әдебиеті пәнін оқытудың мақсаттары мен міндеттері			*
2	Қазақ тілі және әдебиетін оқыту әдістемесі ғылыми пән және оның басқа пәндермен байланысы			*
3	Оқыту үдерісін ұйымдастыру			*
4	Қазақ тілі және әдебиетін оқыту әдістері			*
5	Қазақ тілін оқыту ерекшеліктері			*
6	Әдебиетті оқыту ерекшеліктері			*
7	Бақылау, бағалау			*
8	Тіл мәдениеті			*
9	Көрнекіліктерді			*

	қолдану			
10	Сыныптан тыс жұмыстардың түрлері және тиімділігі			*
	Барлығы			108

## **Байқау тәжірибесіне дайындық бағдарламасының негізгі мазмұны**

### **1 тақырып. Қазақ тілі және әдебиеті пәні оқытуды мақсаттары мен міндеттері**

Жалпы орта білім беру мектептерінде қазақ тілі және әдебиеті пәні оқытуды мақсаттары мен міндеттерін нақтылау.

### **2тақырып. Қазақ тілі және әдебиетін оқыту әдістемесі ғылыми пән және оның басқа пәндермен байланысы**

Қазақ тілі және әдебиетін оқыту әдістемесі ғылымының саласы. Оның басты пәндермен байланысы.

### **3тақырып. Оқыту үдерісін ұйымдастыру**

Қазақ тілі және әдебиеті сабақтары және оның түрлері.

### **4тақырып. Қазақ тілі және әдебиетін оқыту әдістері**

Педагогиканың оқыту әдістерімен таныстыру. Қазақ тілі және әдебиетін оқыту әдістеріне тоқталу.

### **5 тақырып. Қазақ тілін оқыту ерекшеліктері**

Қазақ тілін оқыту әдістемесіне қатысты тақырыптарға тоқталу.

### **6 тақырып. Әдебиетті оқыту ерекшеліктері**

Әдеби шығармаларды оқытуда білім алушылардың жас ерекшелігін ескеріп көркем шығарманы оқыту мен талдау жұмыстары, бағыттары, түрлері. Жанр түрлері, эпикалық, драмалық, лирикалық және поэма жанрындағы шығармаларды, жазушы өмірбаянын, шолу тақырыптарын оқыту.

### **7 тақырып. Бақылау, бағалау**

Білім алушыларға үй тапсырмасын беру, бала білімін есепке алу, бағалау жолдары.

### **8 тақырып. Тіл мәдинеті**

Білім алушыларды тіл мәдинетіне, ауызша, жазбаша тіл шеберлігіне бар жолдары.

### **9 тақырып. Көрнекіліктер**

Көрнекіліктер, оларды пайдаланудың тиімді жолдары мен әдіс – тәсілдері.

### **10 тақырып. Сыныптан тыс жұмыстардың түрлері және тиімділігі**

Сыныптан тыс тәрбие жұмыстарының түрлеріне тоқталу және тиімді айту.

### **11 тақырып. Сынып ұжымын зерттеуде социометрия әдісі**

Ұжымды зерттеу.Ерекшелігін айқындау.Ұжыммен жұмыс түрлері және социометрия әдісі.

### **12 тақырып.Білім алушыға,ұжымға мінездеме беру үлгілері**

Жеке тұлғаны зерттеу.Жеке білім алушы ұжымға мінездеме беру.

### **13 тақырып.Ұжымды қалыптастыратын тренинг, ойындар**

Ұжымды қалыптастыратын тренинг, ойындар жүргізу. Ұжым қалыптастыру.

### **14 тақырып.Тәрбие түрлері.Адамгершілік тәрбиесі**

Тәрбие түрлеріне тоқталу.

### **15 тақырып.Ұлтжандылық тәрбие.**

Ұлтжандылық тәрбиеге қатысты тәрбие жоспарын құру.

### **16 тақырып.Эстетикалық тәрбие**

Эстетикалық тәрбиеге қатысты тәрбие жоспарын құру.

### **17 тақырып.Тәрбие сағаттарына талдау жасау**

Тәжірибе барысында өткізілген тәрбие сағаттарына талдау жасау.Жетістіктері.Кемшіліктері.

### **18 тақырып.Қорытынды есеп жазу,тәрбие жоспарын құру**

Қорытынды есеп жазудың маңызы.Тәрбие жоспарларының жинағы.

#### 4. Сыныптан тыс тәрбие жұмысы тәжірибесіне дайындық бағдарламасының тақырыптық жоспары

№ р/с	Сыныптан тыс тәрбие жұмысы тәжірибесіне дайындық	Күндізгі оқыту нысаны кезіндегі оқу уақытының көлемі		
		Бекітілген деңгей	Жоғары деңгей	Орта буын маманы
1	2	3	4	5
1	Тақырыптар мен бөлімдер атауы			*
1	Тәрбие үдерісі,оның ерекшеліктері			*
2	Мектептегі тәрбие жұмысының мәні,мазмұны			*
3	Тәрбие сағатының маңыздылығын анықтау			*
4	Халықтық тәрбие мәні			*
5	Отбасымен жұмыс түрлері			*
6	Күнделік арнау және күнделік толығырақ үлгісі			*
7	Сыртқы келбет және өзін ұстау мәдениеті			*
8	Мұғалімнің қарым-қатынас стилі,сөйлеу мәдениеті			*
9	Сынып			*



	жетекшісінің күжаттары			
10	Сыныптан тыс тәрбие жұмысын ұйымдастыру			*
11	Сынып ұжымын зерттеуде социометрия әдісі			*
12	Білім алушыға, ұжымға мінездеме беру үлгілері			*
14	Ұжымды қалыптастыратын тренинг, ойындар			*
15	Ұлтжандылық тәрбие			*
16	Эстетикалық тәрбие			*
17	Тәрбие сағаттарына талдау жасау			*
18	Қорытынды есеп жазу, тәрбие жоспарын құру			*
	Барлығы			36

## **5. Жазғы тәжірибеге дайындық бағдарламасының тақырыптық жоспары**

### **Жазғы тәжірибеге дайындық**

Жазғы тәжірибеге дайындық оқу тәжірибесі балалар сауықтыру лагеріндегі, алаңындағы, бірлестегіндегі талаптарға негізделеді және олашақ мұғалім осы арқылы тәрбие жұмысының әдістемесін меңгереді. Тәлімгерлік жолда білімалушы мамандығының ерекшеліктерін дұрыс байқай алады.

Тәжірибенің мақсаты – білім алушылардың жазғы демалысында тәрби жұмысын ұйымдастыру әдістемесінің негізін түсіну. Бұл тәжірибе барысында келесі мәселе шешіледі:

1.Әр түрлі балалар сауықтыру лагеріндегі, алаңындағы, бірлестігіндегі өмірге білім алушыларды теоретикалық, әдістемелік, тәжірибелік және педагогикалық – психологиялық дайындығын қамтамасыз ету.

2.Жазғы демалыс жағдайында балалар және жеткіншектер ұжымы мен өз бетімен жұмыс жасаудың іскерліктерімен дағдыларын меңгеру.

3.Жазғы маусымда сауықтыру және тәрбиелеу жұмыстарының мазмұны мен әртүрлі формаларын және әдістерін меңгеру, өмірді сақтау және бала денсаулығын қорғау.

4.Тәрбиелеу жұмыстарын жүргізуде балалармен жеткіншектердің бойында жауапкершілік пен шығармашылықты дамыту.

Білімалушыларды жазғы педагогикалық тәжірибесіне дайындау бойынша нұсқаулық жиын барысында жазғы педагогикалық тәжірибе дайындау мақсаты – машықкерлерді теориялық – тәжірибелік оқыту маусымында балалармен жұмыс жүргізуге қатысты нұсқаулық жиын өткізу.

№ р/с	Жазғы тәжірибеге дайындық	Күндізгі оқыту нысаны кезіндегі оқу уақытының көлемі		
		Бекітілген деңгей	Жоғары деңгей	Орта буын маманы
1	Тақырыптар мен бөлімдер атауы	3	4	5
1	Жазғы сауықтыру лагерінің мақсаты мен міндеттері			*
2	Тәлімгерге			*

	қойылатын талаптар			
3	Лагерьдегі қойылатын талаптар			*
4	Тәрбие жұмыстары,оны ұйымдастыру жолдары			*
5	Тәлімгердің білім алушыларды зерттеуі,танып білуі			*
6	Ғаламдық оқыту жаттығулары			*
7	Жасақ жоспарының негізгі бағыттары			*
8	Күн тәртібін тиімді жоспарлау жолдары			*
9	Лагерьдегі әр күнді жоспарлар			*
10	Жасақ ұжымындағы мерекелер			*
11	Ұжымдық шығармашылық істер			*
12	Үйірме түрлері және үйірме жұмысын жоспарлау			*
14	Психологиялық тренингтер			*
15	Білім алушыларды мінез-құлық мәдениетіне тәрбиелеу			*

16	Жасақ жиыны			*
17	Сендіру әдістері мен формалары			*
18	Топтық және ұжымдық жұмыстарды ұйымдастыру жолдары			*
	Барлығы			36

### 5. Диплом алдындағы тәжірибеге дайындық бағдарламасының тақырыптық жоспары

№ р/с	Жазғы тәжірибеге дайындық	Күндізгі оқыту нысаны кезіндегі оқу уақытының көлемі		
		Бекітілген деңгей	Жоғары деңгей	Тақырыптар мен бөлімдер атауы
1	2	3	4	5
1	Диплом алдындағы тәжірибенің мәні мен мазмұны			*
2	Диплом алдындағы тәжірибенің мақсат, міндеттері			*
3	Қазақ тілі және әдебиеті пәнін оқытудың мақсаттары мен міндеттері нақтылау			*

4	Қазақ тілі және әдебиетін оқыту әдістемесі ғылыми пән және оның басқа пәндермен байланысы			*
5	Оқыту-тәрбие үдерісін ұйымдастыры			*
6	Қазақ тілі және әдебиетін оқыту әдістері			*
7	Қазақ тілін оқыту ерекшеліктері			*
8	Әдебиетті оқыту ерекшеліктері			*
9	Бакылау,бағалау			*
10	Тіл мәдениеті,сөйлеу мәдениеті			*
11	Қазақ тілі мен әдебиеті сабағында көрнекіліктерді қолдану			*
12	Сыныптан тыс жұмыстардың түрлері және тиімділігін нақтылау			*
	Барлығы			36

**Диплом алдындағы тәжірибеге дайындық бағдарламасының негізгі қысқаша мазмұны .**

**1 тақырып** Диплом алдындағы тәжірибенің мәні мен мазмұны

Тәрбиенің мәні мен мазмұны туралы түсінік беру.

**2 тақырып** диплом алдындағы мақсат, міндеттерін нақтылау

Тәжірбиенің мақсат, міндеттерін нақтылау.

**3 тақырып** Қазақ тілі және әдебиеті пәнін оқытудың мақсаттары мен міндеттерін нақтылау

Жалпы орта білім мектептерінде қазақ тілі және әдебиеті пәнін оқытудың мақсаттары мен міндеттерін нақтылау.

**4 тақырып** Қазақ тілі және әдебиетін оқыту әдістемесі ғылыми пән және оның басқа пәндермен байланысы.

Қазақ тілі және әдебиетінің оқыту әдістемесі ғылымның саласы. Оның басқа пәндермен байланысы.

**5 тақырып** Оқыту - тәрбие үдерісін ұйымдастыру

Қазақ тілі және әдебиеті сабақтары және оның түрлері.

**6 тақырып** Қазақ тілі және әдебиетін оқыту әдістері.

Педагогиканың оқыту әдістерімен таныстыру.өзазаө тілі және әдебиетін әдістеріне тоқталу.

**7 тақырып** Қазақ тілін оқыту ерекшеліктері

Қазақ тілі оқыту әдістемесіне қатысты тақырыптарға тоқталу .

**8 тақырып** Әдебиетті оқыту ерекшеліктері

Әдеби шығармаларда оқытуда білім алушылардың жас ерекшелігін көркем шығарманы оқыту мен талдау жұмыстары,бағыттары,түрлері, эпикалық, драмалық, лирикалықжәнепоэмажанршығармаларды, жазушыөмірбаянын, шолутақырыптарыноқыту.

**9 тақырып**Бақылау, бағалау

Білімалушыларғаұйтапсырмасынберу, балабіліміне сепке алу жолдары.

**10 тақырып** Тілмәдениеті, сөйлеу мәдениеті

Білімалушылардытілмәдениетіне, ауызша, жазбаша, тілшеберлігініңжолдары.

**11 тақырып**

**Қазақтіліменәдебиетсабағындакөрнекіліктердіқолдану**

Көрнекіліктер, оларды пайдаланудың тиімді жолдарымен әдіс – тәсілдері.

## **12 тақырып Сыныптан тыс жұмыстардың түрлері және тиімді нақтылау**

Сыныптан тыс тәрбие жұмыстарының түрлеріне тоқталу дифферені сынақ алады.

### **Тәжірибенің мақсаты:**

-білім алушылардың мектептегі оқу-тәрбие үрдісі ұйымдастырудан кәсіби іскерлік пен дағдыларын дамыту

### **Тәжірибенің міндеті:**

-оқу-тәрбие үрдісін бақылау іскерлігі мен дағдысын жүзеге асыру және оның нәтижелерін талдау;

-білім алушыларды сабақты өткізу әдістері мен тәсілдері және мектеп білім алушыларының жас және жеке ерекшелігіне сәйкес танымдық әрекетін басқару дағдыларымен қаруландыру;

-студенттердің колледжден алған теориялық білімдерін тереңдетіп, нығайту және осы білімдерін іс жүзінде оқытушылармен, оқу-тәрбие жұмыстарында қолдануға үйрету.

-болашақ оқытушының, сондай-ақ болашақ маманның қоғам талаптарына жауап беретіндей кәсіпті маман ретіндегі тұлғалық сапасын қалыптастыру.

-студенттерді оқу-тәрбие мекемелеріндегі осы заманға сай оқу-тәрбие жұмыстарымен, педагогикалық озық тәжірибелермен таныстыру.

## **3.Өндірістік тәжірибе бағдарламасының тақырыптық жоспарының негізгі мазмұны**

### **1.Педагогикалық қызметке кіріспе тәжірибесі бағдарламасының тақырыптық жоспары**

<b>№</b> <b>р/с</b>	<b>Педагогикалық</b> <b>қызметке кіріспе</b>	<b>Күндізгі</b> <b>нысаны кезіндегі оқу</b>	<b>оқыту</b> <b>уақының</b>
------------------------	---	--	--------------------------------

	<b>тәжірибесі</b>	<b>көлемі</b>		
	Тақырыптар мен бөлімдер атауы	Бекітілген деңгей	Жоғары деңгей	Орта буын маманы
1	2	3	4	5
1	Мұғалім мамандағы			*
2	Мұғалімнің кәсіби бағыттылығы			*
3	Мұғалімге қойылатын талаптар			*
4	Мұғалім қасиеті, қабілеті, мәдениеті			*
5	Мұғалімнің тәрбиелік әрекеті			*
6	Мұғалімнің педагогикалық шеберлегі			*
7	Педагогикалық үдеріс			*
8	Педагогикалық үдерістегі қарым-қатынас			*
9	Мектеп білім алушыларының оқу әрекеті			*
10	Жаңашыл мұғалім моделі			*
11	Дәстүрлі емес сабақтар			*
12	Тәжірибе қорытындысы мен нәтижесі			*
	Барлығы			72



# **Педагогикалық қызметке кіріспе тәжірибесі бағдарламасының негізгі мазмұны**

## **1 тақырып Мұғалім мамандығы**

Мұғалім мамандығы таңдаудағы басты түрткіні анықтау. Мектеп, мұғалім, сынып ұжымымен танысы. Сынып, тізімі, сынып белсенділерін, сабақ және қоңырау кестесімен танысы.

## **2 тақырып Мұғалімнің кәсіби бағыттылығы**

Жаңашыл мұғалімнің педагогикалық әрекеттегі түрткілерін анықтау. Мұғалімнің кәсіби бағыттылығы

## **3 тақырып Мұғалімге қойылатын талаптар**

Педагогикалық тұрғыдан мұғалімге қойылатын талаптар негізінде жұмыс жасау.

## **4 тақырып Мұғалім қасиеті, қабілеті, мәдениеті**

Мұғалім қасиеті, қабілеті, мәдениетін бақылау. Жұмыс ерекшеліктерімен танысы.

## **5 тақырып Мұғалімнің тәрбиелік әрекеті**

Сынып жетекшісінің негізгі қызметтерін зерттеу. Сынып жетекшісінің құжаттарымен танысы.

## **6 тақырып Мұғалімнің педагогикалық шеберлегі**

Мұғалімнің педагогикалық шеберлігін бақылау, педагогикалық шеберліктің маңызы.

## **7 тақырып Педагогикалық үдеріс**

Педагогикалық үдерістің негізгі компоненттері мен құрылымын анықтау. Педагогикалық үдерісті жүзеге асыруда мұғалім білу тиіс талаптармен танысу.

## **8 тақырып Педагогикалық үдерістегі қарым-қатынас**

Оқтәрбие үдерісіндегі қарым-қатынастың маңызын анықтау. Педагогикалық қарым-қатынастың қызметтерімен танысы.

## **9 тақырып Мектеп білім алушыларының оқу әрекеті**

Мектеп білім алушыларының оқу әрекеті бақылау, жұмыс ерекшеліктерін талдау

## **10 тақырып Жаңашыл мұғалім моделі**

Жаңашыл мұғалім моделін талдау. Жаңашылдықтың маңыздылығын түсіну.

### **11 тақырып Дәстүрлі емес сабақтар**

Оқытудың негізгі форма-сабақтың мәні мен белгілерін анықтау. Дәстүрлі емес сабақтардың құрылымын талдау.

### **12 тақырып Тәжірибе қорытындысы емес нәтижесі**

Тәжірибе нәтижесін талдау, тексеру емес қорытындысына қатысты құжаттарды тапсыру.

### **Тәжірибелік оқытудың бақылау қорытындысы және есеп беру**

Тәжірибе қорытындысы бойынша білім алушылар дифференциялық сынақ алады.

### **2. Сыныптан тыс тәрбие жұмысы тәжірибе бағдарламасының тақырыптық жоспары**

№ р/с	Сыныптан тыс тәрбие жұмысы тәжірибесіне дайындық	Күндізгі оқыту нысаны кезіндегі оқу уақытының көлемі		
		Бекітілген деңгей	Жоғары деңгей	Орта буын маманы
1	2	3	4	5
1	Отбасы тәрбие бастау			*
2	Адам халықтық мәдениетте			*
3	Тіл мен мәдениет			*
4	Табиғат туралы			*
5	Наурыз мейрамы			*
6	Менің өлкем			*
7	Бұл мен және мен туралы			*
8	Қазақстан халықтарының			*

	меркесі			
9	Ұлттық ойындар			*
10	Алдар Көсе елінде			*
11	ҚР халықтарының фольклоры			*
12	Сенің шежірең			*
13	Менің шежірем			*
14	Мен ХХ ғасырда дүниеге келдім			*
15	Салауатты өмір салтымен жүрудің негізі			*
16	Елтаңба тарихы,Қазақстан туы,Қазақстан тарихы,халық достығы			*
17	«Ардагерлерге гүл сыйла» акция			*
18	Қазақстанның білім күні,Қазақстн халқының мейрамы			*
19	Халық шығармашылығы мен Республика күніне арналған фестиваль			*
20	Менің Отаным			*
21	Менің есімім қандай мағына береді?			*
22	Қазақстан патриоты			*
23	Отбасы экономикасы			*
24	Этикет және біз			*
25	Табиғатты			*

	аялау, қорғау			
26	Білім алушының құқықтық тәрбиесі			*
27	Бесік жыры-отбасындағы баланың адамгершілік тәрбиесінің негізгі			*
28	Отбасхалық педагогикасының идеалы			*
29	«Ұлы Жібек жолы»			*
30	Шай мәдениеті			*
31	Білімділер			*
32	Халық және халықтық мәдениет			*
33	Ұл баланы әлеуметтендіру формасы ретінде «Атқа мінгізу» салты			*
34	Халық мақамәтелдері және оның балаларды тәрбиелеудегі рөлі			*
35	Ойындар мен ойыншықтар			*
36	Менің атым мен тегім			*
	Барлығы			144

### **Сыныптан тыс тәрбие жұмысы тәжірибесі**

Сыныптан тыс тәрбие жұмысы педагогикалық тәжірибесі білім алушылардың мектеп білім алушыларымен оқтәрбие жұмысын жүзеге алушылардың мектеп білім алушыларымен оқтәрбие жұмысы жүзеге

асыру, педагогикалық дайындығын қалыптастыруда маңызды кезеңі болып табылады.

Тәжірибе мақсаты: тәрбие жұмысының мазмұны мен әдістемесі және мектеп білім алушыларының жеке тұлғасын тәрбиелеу және оқыту үдерісін психологиялық-педагогикалық бақылау және талдау іскерліктері туралы ойларын қалыптастыру:

Оқу-тәрбие үдерісінің негізгі кезңі ретінде сабақты ұйымдастыру мазмұны, құрылымы, тәсілдерін саналы түрде түсіну.

Тәжірибедегі балалармен тәрбие жұмысын жүргізу мақсаты-өзінде жоғары адамгершілік қасиеті бар, іскер, шығармашыл тұлға, әлемге деген гуманистік қатынастағы әлеуметтік белсенді жеке тұлға қалыптастыруға әсер ету.

1. Ақылой, дене, еңбек және адамгершілік дамуының негізі ретінде білім алушының өз дансаулығы саналы қарықатынасын қалыптастыруға әсер ету.

2. Білім алушыларға халық құндылығын игеруіне әсер етуі, олардан өзін анықтау тәсілдері.

Практиканың негізгі міндеттері

-білім алушылардың теориялық тереңдету және бекіту.

-болашақ мұғалімдердің кәсіби-маңызды жеке тұлғалық сапасын қалыптастыру:

-жоспарлау және жеке білім алушылармен сыныптан тыс тәрбие жұмысын жүргізу іскерлігін игеру:

-сыныптан тыс тәрбие жұмысының негізгі формаларын игеру:

-мектеп білім алушыларының жас жеке ерекшеліктерін игеру әдістері мен тәсілдерін меңгері:

-әдістемелік рефлексияны жүзеге асыра білу іскерлігін қалыптастыру.

Тәжірибе барысында білім алушылар төмендегі іскерліктерді меңгереді:

-біртұтас педагогикалық үдерісті жобалау, жоспарлау және жүзеге асыру:

-кіші мектеп жасындағы балаларды оқыту мен тәрбиелеуде қойылған мақсаттың жетістігін қамтамыз ету:

Білім алушылар тәжірибеге дайындығын жүзеге асыра отырып, педагогикалық тәжірибе бойынша күнделіктерін көркемдейді яғни:

-сынып білім алушыларының тізімі

-сыныптың сабақ кестесі

-қоңырау кестесі

-сыныптың белсенділері

-сыныптан тыс тәрбие жұмысын талдау сызбасы:

-білім алушыға мінездеме беру сызбасы.

Сыныптан тыс тәрбие жұмысы кәсіби тәжірибеден өту нәтижесінде машықкерлер біледі:

-топтағы білім алушылар көзәрастарарын құрметтеуді

-топпен жұмыс жасауды

-әдеп сақтауды

-қоғамдағы тәрбиенің рөлі, тәрбиенің тарихи және қоғамдық құбылыс екендігін

-ұлттық тәлім-тәрбиенің ерекшіліктері

-тәрбиенің мазмұны, принциптері жайлы біліп, тәжірибе барысында жүзеге асыруды

-сынып жетекшінің қызметін:

-Қазақстан Республикасының орта мектеп жөніндегі құжаттарын:

### **3. Білім алушының тандауы бойынша тәжірибе бағдарламасының негізі мазмұны**

#### **1 тақырып Іс қағаздары**

Іс қағаздары заңдық күшіне қарай ресми бейресми болып бөлінуіне қарай мекемелерін жүргізуңн бақылау.

#### **2 тақырып Құжаттар**

Құжаттар жазылу формасына қарай типттік, еркін мәтін, трафеттік түрлері бойынша мекеме құжаттарын бақылау, жүргізу.

#### **3 тақырып Ресми іс қағаздар стилі**

Ресми іс қағаздар стилі бойынша құжаттарды жүргізу.

#### **4 тақырып Еңбек келісімі**

Еңбек шартының жасалуына мән беру, жүргізілуін нақтылау.

#### **5 тақырып Еңбек кітапшасы. Жеке іс парағы**

Еңбек кітапшасы, жеке іс парағының мекемеде жүргізілуіне мән беру.

#### **6 тақырып Мінездеме. Өмірбаян**

Мінездеме мен өмірбаянның жазылуы мазмұнын талдау, салыстыру.

#### **7 тақырып Өтініш. Түйіндеме**

Өтініш пен түйіндеме жазылуын тәжірибе барысында жүйелеу, жинақтау.

#### **8 тақырып Анықтама және акт**

Анықтама мазмұны белгілі бір фактіні я оқиғаны дәлелдейтін, растайтын, сипаттайтын ақпараттық – анықтамалық іс қағазының берілуі. Акт жазылуын бақылау, талдау.

#### **9 тақырып Баяндау хат. Жедел хат**

Баяндау хат пен жеделхаттың мекемеде жүргізілуіне мән беру. Жеделхаттардың жедел берілуі мен орындалуы.

#### **10 тақырып Бұйрық**

Мекеме бұйрықтарының шығарылуы, жүргізілуін бақылау, таңдау, жүргізу.

#### **11 тақырып Хаттама. Қаулы**

Хаттама жазылуы мен қаулы шығарлуын бақылау, жүргізілуі.

#### **12 тақырып Келісім шарт**

Мекеме арасында жүргізілетін келісім шарттардың ерекшелігі, жүргізілуі.

#### **Тәжірибе мақсаты мен міндеті:**

1. Студенттердің колледжден алған теориялық білімдеін тереңдетіп, нығайту, және осы білімдерін іс жүзінде- оқытушылармен, оқу- тәрбие жұмыстарында қолдануға үйрету;

2. Болашақ оқытушының, сондай- ақ, болашақ маманның қоғам талаптарына жауап беретіндей кәсіпті маман ретіндегі тұлғалық сапасын қалыптастыру;
3. Студенттерді оқытушылық кәсіпті және оны құрметтеуге тәрбиелеу;
4. Студенттерді тікелей практикалық жұмыстарға қатыстыру, олардың бойындағы оқу- тәрбие жұмыстарын ойдағыдай жүзеге асыруға, оқыту және тәрбие берудің әдістерін игеруге қажетті кәсіби шеберлік пен да,дыларды қалыптастыру, оқыту мен тәрбиелеудің әдістемесін үйрету;
- 5.Студенттерді оқу - тәрбие мекемелеріндегі осы заманға сай оқу- тәрбие жұмыстарымен, педагогикалық озық тәжірибелермен танысытру;
6. Студенттердің оқушылармен өзара қарым- қатынасын ұйымдастырып жеке және жас ерекшеліктерін зерттеу;
7. Студенттердің педагогикалық қызметте шығармашылық зерттеу тәсілімен келуді, өз еңбегінің нәтижесін талдауға, дағды алуды сіңіріп, өз бетімен білім алудың қажеттілігін қалыптастыру.

№ р/с	Білім алушының таңдауы бойынша тәжірибе	Күндізгі оқыту нысаны кезіндегі оқу уақытының көлемі		
		Бекітілген деңгей	Жоғары деңгей	Орта буын маманы
1	Тақырыптар мен бөлімдер атауы	3	4	5
1	Іс қағаздар			*
2	Құжаттар			*
3	Ресми іс қағаздар стилі			*
4	Еңбек келісімі			*
5	Еңбек			*



	кітапшасы.Жеке іс парағы			
6	Мінездеме.Өмірбаян			*
7	Өтініш.Түйіндеме			*
8	Анықтама және акт			*
9	Баяндау хат.Жеделхат			*
10	Бұйрық			*
11	Хаттама.Қаулы			*
12	Келісімшарт			*
	Барлығы			108

#### 4.Байқау тәжірибе бағдарламасының тақырыптық жоспары

№ р/с	Байқау тәжірибесі	Күндізгі оқыту нысаны кезіндегі оқу уақытының көлемі		
		Бекітілген деңгей	Жоғары деңгей	Орта буын маманы
	Тақырыптар мен бөлімдер атауы	3	4	5
1	2			
1	Құжаттармен танысу			*
2	Оқу бағдарламасымен танысу			*
3	Дидактикалық материал жинақтау			*
4	Күнделік жүргізу			*
5	Әдістемелік папкамен жұмыс			*
6	Мұғалім,әдіскерлердің кеңес беруі			*
7	Сабақтарды бақылау			*
8	Қазақ тілі сабақтары			*
9	Әдебиет сабақтары			*

10	Сабақтарды талдау			*
11	Сынып сағаты және сыныптан тыс тәрбие жұмыстары			*
	Барлығы			576

## **Байқау тәжірибе бағдарламасының негізгі мазмұны**

### **1 тақырып Құжаттармен танысу**

Орта мектеп құжаттарымен танысу.

### **2 тақырып Оқу бағдарламасымен танысу**

Оқу бағдарламасының құрылымымен танысу.

### **3 тақырып Дидактикалық материал жинақтау**

Тәжірибеге қатысты дидактикалық материалдарын жинақтау.

### **4 тақырып Күнделік жүргізу**

Тәжірибе барысында сабақты талдау күнделігін жүргізу

### **5 тақырып Әдістемелік папкамен жұмыс**

Әдістемелік папканы жинақтау.

### **6 тақырып Мұғалім, әдіскерлердің кеңес беруі**

Қазақ тілі мен әдебиет сабақтарын және сыныптан тыс тәрбие жұмыстарын жүргізуге қатысты кеңестер.

### **7 тақырып Сабақтарды бақылау**

Бақылау әдістерін қолдану арқылы қазақ тілі және әдебиет сабақтары мен сыныптан тыс тәрбие жұмыстарын бақылау

### **8 тақырып Қазақ тілі сабақтары**

Қазақ тілінің күнтізбелік жоспарына сай әдебиет сабақтарының жоспарын құрып өткізу

### **9 тақырып Әдебиет сабақтары**

Әдебиеттің күнтізбелік жоспарына сай әдебиет сабақтарының жоспарын құрып өткізу.

### **10 тақырып Сабақтарды талдау**

Әдіскер, мектеп мұғалімі көмегімен білім алушылардың өткізген сабақтарын талдау.

### **11 тақырып Сынып сағаты және сыныптан тыс тәрбие жұмыстары**

Сынып жетекшісінің тәрбие жоспарына сай сынып сағаты және сыныптан тыс тәрбие жұмыстарын өткізу.

### 5. Жазғы педагогикалық тәжірибе бағдарламасының тақырыптық жоспары

№ р/с	Байқау тәжірибесі	Күндізгі оқыту нысаны кезіндегі оқу уақытының көлемі		
		Бекітілген деңгей	Жоғары деңгей	Орта буын маманы
1	2	3	4	5
1	Ұйымдастырушылық-педагогикалық жұмыс			*
2	Балалар мен жеткіншектерді адамгершілік-патриоттылыққа тәрбиелеу бойынша жұмыс			*
3	Балалар және жеткіншектермен эстетикалық жұмыс			*
4	Еңбек тәрбиесі			*
5	Экологиялық тәрбие			*
6	Спорттық-сауаттық жұмыстары			*
7	Туристік-өндірістік жұмыс			*
8	Эстетикалық тәрбие			*
	Барлығы			108

Жазғы педагогикалық тәжірибе бағдарламасының негізгі мазмұны

## **1 тақырып Ұйымдастырушылық-педагогикалық жұмыс**

Жасақ құрамымен таныстыру.

## **2 тақырып Балалар мен жеткіншектерді адамгершілік-патриоттылыққа тәрбиелеу бойынша жұмыс**

Плакаттар, суреттер байқауы, «Жас батырлар жарысы» патриоттық әндер фестивалі.

## **3 тақырып Балалар және жеткіншектермен эстетикалық жұмыс**

Эстетикалық талаптарға сай плакаттар дайындау.

## **4 тақырып Еңбек тәрбиесі**

Өз-өзіне қызмет ету, лагерьдегі жағдайының жақсы болуы, сенбілік, еңбек десанты және операциясы, дәрілік өсімдіктер жиыны, жеке меншікті күту және қорғау жарысы, еңбек туралы әңгімелер, жазғы демалыс ұйымдастырудың экономикасы негізі туралы, «Тосынсый», «Балаларға сыйлық» операциялары.

## **5 тақырып Экологиялық тәрбие**

Бұрыш үшін материал жиыны, көрмелер, экологиялық еніспен жасақ құру, табиғатты қорғау туралы әңгімелер және оны тиімді пайдалану.

## **6 тақырып Спорттық-сауаттық жұмыстары**

Қимылды ойындар, спорттық ойындар, жарыстар.

## **7 тақырып Туристік-өндірістік жұмыс**

Табиғатқа шығу, Қазақстан табиғатын игеру бойынша саяхат, туристік жарыстар.

## **8 тақырып Эстетикалық тәрбие**

Өнер туралы әңгімелер, суреттер байқауы, оқырмандар, әншілер, бишілер байқауы, көлеңкелі және қуыршақ театры, ертегілер кештері мен байқауы.

### **«Жазғы педагогикалық тәжірибе»**

Жазғы педагогикалық тәжірибе үздіксіз педагогикалық тәжірибе жүйесінде маңызды бөлігі болып табылады білім алушыларға жаз маусымында теориялық білімін тәжірибеде ұтымды пайдаланып шығармашылықпен

ұйымдастыруды және кәсіби білім мен іскерлікті белсенді қолдануда мақсат етеді.

Жазғы педагогикалық тәжірибенің өзіндік ерекшеліктерінің қатары:

-білім алушылар тәжірибені алғаш рет оқу үдерісі,білім алушыларға отбасының,әртүрлі ұжымдар мен достық ұйымдарының әсері жоқ мектеп жанындағы және қала сыртында балалар-сауықтыру лагерьлерінде жазғы демалыс кезінде өткізеді.

-тәжірибе білім алушылардың өзбетімен жұмыс ретінде жүреді олар балалар сауықтыру кешенінің штаттық кестесіне енуі мүмкін сондықтан жұмыс тәртібін бұзбауы тиіс,оларға арнайы заң орындарының құжаттары ықпал етеді.

-білім алушылар тәрбие беру орнының педагогикалық ұжым қатарына толық қанды кіреді, балалардың сауықтандыру кешендері де осы қатарға жатады,басқа да қызметкерлер,лагерь әкімшілігімен қарым-қатынасқа түседі.

Тәжірибе мақсаты:жаз маусымында балалар ұжымы әрекетін және өзбетімен ұйымдастыру тәжірибесін меңгеру ,болашақ мұғалімнің кәсіби маман болып қалыптасуы үшін жағдай жасау.

Жазғы тәжірибе уақытша ұжымды ұйымдастыру,жазғы жағдайда балалармен тәрбие жұмысы бойынша кәсіби-педагогикалық іскерлікті қалыптастыру үшін белгілі талаптарды орындайды,тәрбие этикасы,қарым-қатынас техникасы негізімен қаруландырады.

## 6.Дипломды тәжірибе бағдарламасының тақырыптық жоспары

№ р/с	Дипломалды тәжірибесі	Күндізгі оқыту кезіндегі көлемі	оқыту нысаны оқу уақытының	Орта
	Тақырыптар мен	Бекітілген	Жоғары	Орта

	бөлімдер атауы	деңгей	деңгей	буын маманы
1	2	3	4	5
1	Мектеп, мектеп әкімшілігімен танысу			*
2	Мектептің оқу-тәрбие жұмысымен танысу			*
3	Құжаттармен танысу			*
4	Оқу бағдарламасымен танысу			*
5	«Машықкер күні»			*
6	Ата-аналармен жұмыс			*
7	Ата-аналар жиналысы			*
8	Әдістемелік семинарлар			*
9	Ұжыммен жұмыс			*
10	Машықкердің қазақ тілі әдебиеті пәндері бойынша сабақтар (5 сынып)			*
11	Машықкердің қазақ тілі әдебиеті пәндері (6 сынып)			*
12	Машықкердің қазақ тілі әдебиеті пәндері (7 сынып)			*
13	Машықкердің қазақ тілі әдебиеті пәндері (8 сынып)			*
14	Сабақтарды бақылау			*

15	Сабақтарды талдау			*
16	Сынып сағаты және сыныптан тыс тәрбие жұмыстары			*
17	Дидактикалық материал жинақтау жүргізуі			*
18	Машықкерлердің күнделік жүргізуі			*
19	Әдістемелік папкамен жұмыс			*
20	Мұғалім, әдіскерлердің кеңес беруі			*
21	Ғылыми зерттеу жұмыстары			*
22	Үйірме немесе факультативтік сабақтар			*
	Барлығы			360

### **Тәжірибе уақытында атқарылатын жұмыстар**

Студент-практикант оқушыларға адамгершілік, еңбек, эстетикалық және дене тәрбиесін берудің бірлігін қамтамасыз ете отырып, оқу тәрбие жұмыстарын жүргізеді, практика бағдарламасында қарастырылған жұмыстардың барлық түрін орындайды.

Әр студент практика кезінде жұмысын бастаған маман ретінде өзін жоғарғы моральдық сапаны игерген, қоғамдық белсенді, жұмысқа барынша берілген, оқушыларды педагогикалық кәсіпті сүйетін болашақ маман ретінде таныта білу керек. Ол тәртіптілік, ұйымшылдық және еңбексүйгіштік тұрғысынан басқаларға үлгі болу қажет.

Студент оқушылармен жұмыс істеу үрдісінде өзінің кәсіптік құдіретін көрсетуге ұмтылып, оқу-тәрбие мекемесі ұжымының өміріне белсене қатысуы керек.

Практикадан шеттетілген немесе үзіліссіз практика кезіндегі жұмысы қанағаттанғысыз деп танылған студент сол семестірдің оқу жоспарын орындамаған деп саналады. Факультет кеңесінің шешімі бойынша оған колледждегі оқу сабақтарын қол үзбей қайтадан практикадан өту мерзімі тағайындалуы мүмкін.

Жеке жоспарына сәйкес әр студент күн сайын 6 сағат мектепте жұмыс істеуге міндетті. Практиканың барлық кезеңіне арналған жоспарды әр студент мұғаліммен және сыныптың жетекшісімен бірлесіп жасайды.

Практиканың алғашқы аптасы мектеппен, сыныппен тәрбие жұмыстарының ұйымдастыруымен және оқушылармен танысуға арналады. Бірінші аптаның соңғы күндері практикант барлық оқу және тәрбие жұмыстарын практика жетекшісі бекіткен жоспарға сәйкес жүргізеді. Практиканың барлық кезеңінде студент жоспарға сәйкес;

- а) үздік мұғалімдердің сабақтарына және сыныптан тыс жұмыстарына қатысады;

- б) барлық топтардағы студенттердің сабақтары мен сыныптан тыс шараларына қатысты оны талқылайды;

- в) оқу- тәрбие жұмыстары кезінде оқушылардың жас және жеке ерекшеліктерін зерделеп, бұл деректерді психологиялық және педагогикалық мінездеме берген кезде пайдаланады;

- г) студенттер практика кезінде оқушылар арасында тәрбие жұмыстарын жүргізуде сынып жетекшісіне көмектеседі, барлық ағымдағы жұмыстарды орындайды; (әңгіме өткізу, күнделіктерді тексеру, кезекшілікті ұйымдастыру, қабырға газеттерін шығару, экскурсия, кездесулер, кештер өткізу, сынақ шараларын өткізеді)

- д) студенттер бір мамандық бойынша практиканы өтер кезіңінде, кем дегенде 5 сынақ сабағын өткізеді. Сабақ пен тәрбие шараларының конспектілері



мұғалімдермен, сынып жетекшілерімен келісіп жасалады және оны сабақ өтерден 1-2 бұрын әдіскерлер бекітеді. Практика аяқталғаннан кейін студент 3 күн мерзім ішінде мынандай құжаттарды өткізеді:

А) толықтырылған жұмыс журналы мен күнделік;  
Б) бір оқушыға немесе сынып ұжымына психологиялық-педагогикалық мінездеме;

В) әр пән бойынша бір сынақ сабағының әдістемелік әзірлемесі (конспектсі);

Г) сыныппен өткізілген бір тәрбиелік шараның әзірлемесі (конспектсі);

Практика аяқталғаннан кейін студенттер қорытынды конференция өткізеді, онымен қатар топ әдіскері оқу және тәрбиелік жұмыстары үшін қорытынды баға қояды.

#### **4. ТӘЖІРИБЕ ЕСЕБІН РӘСІМДЕУ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫНА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР**

##### **Тәжірибе есебінің мазмұнына кіретіндер:**

*Бірінші беті* – берілген үлгі бойынша кәсіпорындағы жетекшінің қолы мен кәсіпорынның мөрі басылады.

*Мазмұны*- есептің мазмұнында берілген сұрақтардың тізімі көрсетіледі.

*Кіріспе* – студенттің кәсіпорында атқарған жұмысының зерттеу бағыты, мақсаты мен міндеттері сипатталады.

*Негізгі бөлім* – негізгі бөлім мазмұнын анықтайтын бастапқы құжаттар, есеп регистрлері, талдау кестелері кәсіпорынға жалпы сипаттама, кәсіпорынның даму қарқыны, бағыты т.б. көрсетіледі.

*Жеке тапсырма*- өндірістік тәжірибе өту кезінде әр бір студент өзінің тәжірибе есебіне қажетті материалдарды жинап, колледждегі тәжірибе жетекшісінің берген тапсырмалары мен сұрақтарына жауап жазу, жинақтау.

*Қорытынды*- негізгі қорытынды мен атқарылған жұмыстың нәтижелері, кәсіпорын қызметінің жақсаруы туралы іс-шаралар жазылады.

*Қолданылған әдебиеттер тізімі*- өндірістік тәжірибе бойынша есеп жазғанда теориялық бөлімдерін тәжірибемен ұштастыра отырып жазу үшін ғылыми әдебиеттерге сүйене отырып жазады.

*Қосымша* – Кәсіпорында қолданылатын әр түрлі формадағы бланкілер, кестелер, графиктер т.б.

*Күнделік*– күнделікті орындаған жұмыстарын толық түрде жазып отыратын арнайы дәптер.

Өндірістік тәжірибенің есебін жазғанда тәжірибенің рәсімделуі туралы ережелерді міндетті түрде төмендегідей сақтауы тиіс.

Өндірістік тәжірибенің есебі А4 форматындағы қағазда рәсімделеді. Мазмұны логикалық тұрғыдан нақты және анық, мазмұнды жазылуы тиіс. Жұмыстың орындалу тәртібі : сол жағы-30мм, оң жағы-15мм, үстіңгі жағы-20мм, төменгі жағы-20мм. Шрифт- Times New Roman, кегль – 14, интервал-1,5. Тәжірибе есебінің жалпы көлемі-30-дан 50 бетке дейін.

Барлық беттер араб санымен төменгі жағында нөмірленуі керек, номер кіріспеден басталып қойылады (бірінші бетте нөмір қойылмайды).

Есептің әр бір бөлімі жаңа беттен басталады. Бөлімнің құрылымдарының тақырыптары жазу әріпімен ортада жазылады. Тақырыптың жазылған соң соңында нүкте қойылмайды және тақырыптың асты сызылмайды, сөздері тасымалданбайды және бөлімдердің атауы мен мәтіннің арасында 3 интервал арақашықтық болуы тиіс.

Көрнекілік материалдарды тек кесте түрінде ғана емес, сонымен қатар диаграмма, сурет түрінде де көрсетуге болады, бірақ оларға атау беріліп, міндетті түрде нөмірленуі керек.

Пайдаланылатын әдебиеттердің сілтемесін былай рәсімдеуге болады:

Квадратты жақша түрінде, пайдаланылған әдебиеттердің нөмері мен беті көрсетіледі, мысалы: [4, с. 28].

Есепті рәсімдегенде таза, әрі жинақы болуы керек.

## **ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ**

1. Әбдікәрімова Т., Әбдіғалиева Т., Шәймерденова К. Қазақ тілін оқыту әдістемесі (Тәжірибелік және лабораториялық жұмыстар) Алматы, 2000ж.
2. Әбеуова Ғ.Н.. Студенттердің педагогикалық тәжірибесі. Алматы 1991ж.
3. Қалиев С., Молдабеков Ж., Иманбекова Б. Этнопедагогика: оқулық. – Астана: Фолиант, 2007.
4. Қоянбаев Ж.Ж. Педагогика. – оқу құралы. Алматы, «Рауан».
5. Николаева А.Г. «Экологическое воспитание» - М.: 2001.

**Еуразия гуманитарлық институтының колледжі  
колледж Евразийского гуманитарного института**

**ЕСЕП**

\_\_\_\_\_ тәжірибе бойынша  
(тәжірибе түрі)

\_\_\_\_\_ (студенттің толық аты-жөні)

курс \_\_\_\_\_ тобы \_\_\_\_\_  
тәжірибені өтті «\_\_»\_\_20\_\_ бастап, «\_\_»\_\_20\_\_ яқталды  
тәжірибе өту  
орны: \_\_\_\_\_  
қаласы \_\_\_\_\_  
мекеменің \_\_\_\_\_  
мекен-жайы \_\_\_\_\_

**ТЕКСЕРІЛДІ:**

Ұйым басшысы \_\_\_\_\_ күні «\_\_»\_\_20\_\_ ж.  
ЕАГИ колледжінен  
тәжірибе басшысы \_\_\_\_\_ күні «\_\_»\_\_20\_\_ ж.  
Есепті қорғау бағасы \_\_\_\_\_ күні «\_\_»\_\_20\_\_ ж.

**Ұйым мөрі**

Астана 20\_\_ ж.